

«Шұғыла» бөбекжай- бақшасы» МКҚК

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша комиссия мүшелеріне

Хабарлама

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша комиссия мүшелеріне 2025-2026оқу жылының жоспарына байланысты Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданы білім бөлімінің «Шұғыла» бөбекжай- бақшасында отырыс өткізіледі.
1.Отырыс 2026 жылдың 24 ақпан күні сағат 11.00-де өткізіледі.
Отырыс жылдық жоспарда көрсетілген тақырып аясында жүргізіледі.

Орындаған: Стаева Г.
Тел. 5-20-12

«Шұғыла» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Хаттама № 4

Қосбөлтек ауылы

24.02.2026ж.

«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында ата-аналармен дөңгелек үстел» тақырыбында педагог-психолог М.Қалидың ұйымдастыруымен дөңгелек үстел өткізілді. Ондағы мақсат: сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оны болдырмау жолында жұмыстар жүргізу.

Дөңгелек үстел барысында сыбайлас жемқорлыққа суреттер көрсетіліп, өкінішке орай жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты бармақ басты әдет әлі де болса қалмай келеді. Бұл дерт мемлекетіміздің дамуына, экономиканың өсуіне кедергі келтіріп жатады.

Қазіргі уақытта мемлекет тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін әрекеттерден әркімнің де аулақ болғаны жөн. Мұндай заң бұзушылыққа қасақана барғандар қатаң жазаға тартылады. Әрине алдымен бүгінгі бала, ертеңгі мемлекеттік қызметкердің отбасындағы тәлім-тәрбиесі дұрыс болуы ықтимал. Сондықтан әрбір отбасы осы мәселеге аса мән бергені абзал деп айтқым келеді.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің төмен болуы әсер етуі мүмкін. Осы сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту әрқайсысымыздың азаматтық борышымыз олып табылатынын айту маңызды екенін ұмытпайық.

Осы отырыс барысында өз ой, пікірлерін ортаға салу ұсынылды.

Ата-ана Л.Иманкулова өз сөзінде әрине бұл дертпен күресу бәріміздің ата-аналардың да міндеті деп ойлаймын. Бұл жемқорлық еліміздің дамуына, халқымыздың өсіп өнуіне кері әсерін береді. Бір жағынан мемлекет тарапынан тосқауыл қойылып жатса, екінші жағынан тағы сыбайлас жемқорлыққа жол беріліп жатады. Бұл әрине аш көздік өз пайдасын ойлайтын адамдар ғана барады деп айтқым келеді.

Келесі сөз кезегін Ә.Сартбай сөз алып, қазіргі уақытта белең алып жатқан сыбайлас жемқорлық бұларине елімізге кедергі жасап отыр. Себебі бұл біздің экономикамызға үлкен кедергі, оны білеміз. Сондықтан да кез келген ортада пара беру, пара алу заңмен қудаланады. Және оның жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытып жатса да толастамай отырғанында білеміз.

Хатшы:



Мақсымханова Ф.

